

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2011 жылғы 1 наурыздағы ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 наурызда 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

16 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 13 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 2 294,6 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 988 310 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны ақпан айында 11 488 (0,14%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 24,5 млрд. теңге (1,1%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 наурызда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 25,9%, «МЖЗҚ» – 22,4%, «Ұлар Үміт» – 13,8% және «БТА Қазақстан» – 9,4% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,5%-ы келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 наурыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 39 248 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны ақпан айында 149 бірлікке (0,4%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 102,8 млн. теңгемен 4 048 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ақпан айында 24,5 млрд. теңге (1,1%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 наурызда 2 300,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ақпан айында 32,3 млрд. теңгеге (1,8%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 қаңтарда 1 883,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 568,7 млрд. теңге болды. Ақпанда «таза» инвестициялық кіріс 0,3 млрд. теңгеге (0,1%) азайды.


1

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.10	1.01.11	1.03.11	1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 300,2	42,0	1,9
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 883,3	61,6	3,4
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	568,7	-2,7	-0,5
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	24,7	-	-0,6%- дық тармаққа

2011 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 6 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 745,9 млрд. теңге (32,4%), «МЖЗҚ» – 388,3 млрд. теңге (16,9%), «Ұлар Үміт» – 308,0 млрд. теңге (13,4%) және «БТА Қазақстан» – 158,8 млрд. теңге (6,9%), «Грантум» - 157,5 млрд. теңге (6,8%), «Капитал» - 114,6 млрд. теңге 6,9%, бұл 6 қордың үлесіне барлық қорлардағы жинақталған зейнетақы қаражаты көлемінің немесе жиынтығының 71,7%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы ақпан айында 0,1 млрд. теңгеге (0,9%) өсіп, 2011 жылғы 1 наурызда 13,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 201,0 млрд. теңге болды немесе ақпанда 6,7 млрд. теңгеге (3,4%) өсті.

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 2,0 млрд. теңгеге 1 407 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 наурызда 17,7 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы

заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару ақпан айында 49,9 млрд. теңгеге (4,4%) ұлғайып, 1 191,4 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ақпанда 24,5 млрд. теңгеге немесе 1,08%-ға өсіп, 2 300,7 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 наурыздан бастап 2011 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 31,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ	748 968	32,55
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	389 047	16,91
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	362 063	15,74
"Ұлар Үмит" ЖЗҚ" АҚ	307 799	13,38
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН" ЖЗҚ" АҚ	54 263	2,36
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы)	157 765	6,86
"ГРАНТУМ" ЖЗҚ" АҚ	157 765	6,86
"БТА Қазақстан ЖЗҚ" АҚ "БТА Банк" АҚ ЕҰ	154 963	6,74
АО "Капитал" ЖЗҚ" АҚ "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	114 734	4,99
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	80 717	3,51
"Евразиялық ЖЗҚ" АҚ	75 494	3,28
"Нұр-траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	70 310	3,05
"Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	70 310	3,05
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	62 192	2,7
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	59 840	2,6
"Қазақмыс ЖЗҚ" АҚ	24 585	1,07

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі бір айда 49,8 млрд. теңгеге немесе 2,25 %-ға өсіп, 2011 жылғы 1 наурызда 2 265,5 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,22%-ын құрайды, бұл 1 023,5 млрд. теңге сәйкес. ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі наурыз айында ұлғаюы 18,4 млрд. теңгені құрады.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 2011 жылғы жағдай бойынша инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 32,27%-ын құрады, бұл 730,5 млрд. теңгеге сәйкес болды. ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының көлемі наурыз айында төмендеуі 15 млрд. теңгені құрады, бұл ретте шетел валютасында номинирленген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 2,71% дан 0,97%-ға төмендеді.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.02.2011ж.		1.03.2011ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 005 116	45,40	1 023 508	45,22
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	862 260	38,95	882 542	38,99
Ұлттық Банктің ноттары	137 213	6,20	135 358	5,98
жергілікті атқару органының бағалы қағаздары	5 643	0,25	5 609	0,25
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	178 933	8,09	204 922	9,06
акциялар	41 739	1,89	61 023	2,70
облигациялар	137 194	6,20	143 899	6,36
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	44 803	2,02	53 499	2,36
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	25 642	1,16	34 608	1,53
Тазартылған алтын	28 752	1,30	42 429	1,87
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	745 509	33,68	730 466	32,27
акциялар	186 734	8,44	175 177	7,74
облигациялар, оның ішінде:	558 775	25,24	555 289	24,53
шетел валютасында номинирленген	59 923	2,71	21 923	0,97
теңгеге номинирленген	498 852	22,53	533 365	23,56
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	185 097	8,36	174 185	7,70
Туынды бағалы қағаздар	-117	-0,01	-114	-0,01
Жиынтығы	2 213 734	100	2 263 505	100

ҚР эмитенттері дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2011 жылғы 1 наурызда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 1,03%-ын құрады, абсолюттік мәні бойынша 23,6 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2006 жылғы ақпан айынан – 2011 жылғы ақпан айы кезеңінде – 39,50% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,82%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 39,27%;

– 2008 жылғы ақпан айынан – 2011 жылғы ақпан айы кезеңінде – 15,33% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 27,02%);


– 2010 жылғы ақпан айынан – 2011 жылғы ақпан айы кезеңінде – 3,39% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 8,80%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 наурызда 2011 жылғы 1 ақпандағы көрсеткішпен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 2,55 пайыздық тармаққа азайды;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,16 пайыздық тармаққа көбейді;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,52 пайыздық тармаққа көбейді.

2010 жылғы қаңтар айынан 2011 жылғы ақпан айы кезеңінде 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициентінің 46,16 мәнінен 39,50 мәніне дейін төмендеу үрдісі байқалады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 83,8 млрд. тенге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 44,3 млрд. тенге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 52,9%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 91,3 млрд. тенге болды.

2011 жылғы ақпан айында 4 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ Қазақстан», «БТА Қазақстан» және «Отан») жалпы сомасы 3,5 млрд. тенге шығынға ұшырады, бұл ретте 9 қор жалпы сомасы 4,6 млрд. тенге пайда алды. Қорлар кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 наурызда 1,1 млрд. тенге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 73,4 млрд. тенге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 81,0%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 59,6%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 15,0%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 19,5%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 2,3%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.03.11
ЖІҚ, млрд. теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	19 303,6	21 213,3*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	11,7	10,8
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	9,4	8,9
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	3,0	2,7
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері